ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Актюбинского университета им. С. Баишева
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

2009

№ 2 (24)

С.БӘЙІШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. С.БАИШЕВА

2 (24)
2009
28.06.09

Ғылыми журнал — *Үш айда бір рет қазақ және орыс тілдерінде шығады*

Научный журнал — *Выходит один раз в три месяца на казахском и русском языках*

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС
РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

АХАН Б. – төраға – председатель, философия ғылымдарының докторы, профессор

ҚҰСАЙЫНОВ Х.– төрағаның орынбасары – зам.председателя, экономика ғылымдарының докторы, профессор

АСАРОВ А. – философия ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

ШӨПТІБАЕВА К.Б. – әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

СҰЛТАНҒАЛИЕВА Г.С. – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

ТЕКТІҒҰЛ Ж.О. – филология ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

ОРАЗАЕВА Қ.Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

ЖАРЕКЕШЕВ Х.Б. – экономика ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ.)

МАЗМҰНЫ
ОГЛАВЛЕНИЕ

АКАДЕМИК С.БӘЙІШЕВКЕ – 100 ЖЫЛ

ҚАЙЫРҒАЛИЕВА М.Ғ. С.Бәйішев – Қазақстан экономикасының негізін қалаушы 3

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

АСАРОВ Ә.А., СӘРСЕМБИН Ү. Қ. С.Торайғыров шығармашылығының танымдық және тағылымдық өрісі 7
ЖОЛДУБАЕВА А.Ж. Комплексные проблемы человеческой индивидуальности 13
КАИРОВА Н.И. Ретроспектива корыстно-насильственных преступлений, совершаемых в отношении женщин в Казахстане 18
ЕРЕКЕНОВ Ж.Е Формирование правовой культуры граждан 28
ЕЛМАҒАМБЕТОВА Г.А. Қазақстандағы құқықтық мемлекет және құқықтық саясат көкжиегі 31
ДАУЛЕНОВА А.С. Шалкиіз жыраудың философиялық көзқарасы 36

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

МИКАДЗЕ М.Г. Преподавание сущности грузинского глагола в школе 41
АДЕИШВИЛИ И., ЦЕРЦВАДЗЕ М. М.Лермонтов и Н.Бараташвили 49
АБИЛЬДАЕВА К.М. Психологические основы дифференцированного обучения учащихся 57
ДЕМЕНТЬЕВА Г.П. Применение новых информационных технологий в обучении иностранным языкам 61

КӘРІМОВ Т.К. – медицина ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

ҚАБАҚБАЕВ С.Ж. – физика – математика ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДКОЛЛЕГИЯ

ЖАНПЕИСОВА Н.М. – бас редактор – гл. редактор

ОТАРАЛИЕВА Г.
КАЗИМБЕТОВА Ж.А.
БАЗАРБАЕВА С.М.
АБИЛЬДАЕВА К.М.

ИСАКОВА С.С. – жауапты хатшы – ответ. секретарь

Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Актюбинского университета им. С.Баишева

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

УЧРЕДИТЕЛЬ
Актюбинский университет им. С.Баишева
Компьютерде терген, көркемдеген
Компьютерная верстка, дизайн

АМИРОВА Н.Д. Ролевые и ситуативно-ролевые игры на уроках иностранного языка 66
ЕСЕНОВА Қ.Е. Шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану..... 71
ТОЛСТАЯ Н.Н. Проблемы расширения активного словарного запаса студентов на занятиях по английскому языку..... 74
ХАБИЕВА С.Б. Семантическая структура модального глагола *may* в современном английском языке..... 76

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

КУСАИНОВ Х.Х., СУЛЕЙМЕНОВА Г.Н. Инвестиционные вложения в реальный сектор экономики Западного региона Республики Казахстан..... 79
ҚАЛДЕНОВА Г.С. Мобильдік банкинг – жаңа банктік қызметтің жетілдірілген түрі..... 83

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННО -ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

ИМАНГАЗИН М.К. Построение, внедрение и действие системы менеджмента охраны труда на Донском ГОКе в соответствии с международной спецификацией OHSAS – 18001..... 88
ИМАНГАЗИН М.К. Проведение профилактической работы по охране здоровья и безопасности труда на Донском горно-обогатительном комбинате в 2005 году 91

БІЗДІҢ АВТОРЛАР..... 95

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ БЕРГЕН КУӘЛІК № 4645-Ж, 29.01.2004 ж.

СВИДЕТЕЛЬСТВО № 4645-Ж от 29.01.2004 г. ВЫДАНО МИНИСТЕРСТВОМ ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Академик С.Бәйішевке – 100 жыл

М.Ғ.ҚАЙЫРҒАЛИЕВА

С.БӘЙІШЕВ - ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Ақтөбе облысының Байғанин ауданында дүниеге келіп, саналы ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған, сұрапыл соғыста Отан қорғауға және Қазақстанда экономиканың қалыптасуына қомақты үлесін қосып, артында ұрпақтары үшін ізгілікті із қалдырған Сақтаған Бәйішев туралы біреулер білгенмен, біреулер білмейтін болар. Бүгінгі үшінші мыңжылдықтың баспалдағында тұрған айтулы кезеңде егеменді еліміздің еңсесін тіктеп кетуіне белсене араласып жүрген бүгінгі ұрпақ елімнің ертеңі үшін деп еңбек еткен С.Бәйішевтің атын мақтанышпен айта отырып, оның ізгілікті ісін үлгі тұтады.

С]ақтаған Бәйішұлы Бәйішев – Қазақ республикасының экономикалық және азаматтық тарихи салалары бойынша белгілі ғалым, Кеңестік Қазақстанның жетекші қоғамтанушыларының бірі. Ол ғылыммен айналыса жүріп, жас экономист мамандарды көптеп даярлауды өзінің халық алдындағы парызы деп санаған. Сақтаған Бәйішев Ақтөбе облысы Байғанин ауданынының Ақжар ауылындағы қарапайым еңбекші отбасында дүниеге келген. Оның тағдырында Ұлы Қазан төңкерісі қазақтар өміріне әкелген барлық өзгерістердің қолтаңбасы бар. Әкесі Бәйіш баласының білімге деген құштарлығын байқағасын оны алдымен ауыл мектебіне, одан соң Темір қаласындағы жетіжылдық орыс-қазақ еңбек мектебіне берген. Сақтаған Бәйішев қаланың алдыңғы қатарлы мұғалімдері Анна Орлова, Дмитрий Имашевтардан білім алып, коммунистік рухта тәрбиеленген. 1924 жылдан комсомол қатарына қабылданған ол қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, өзінің жоғары қабілеттілігін байқатады. Комсомол комитетінің секретары ретінде Арыс, Түркістан, Шымкент қалалары мен Славянка поселкесінде жастар арасындағы сан түрлі жұмыстарды атқарды [1].

Коллективтендірудің қиын мезгілдері оның мінез-құлқын орнықтырады және Лениндік партия ісінің дұрыстығына деген сенімін нығайта түседі. Алматы қаласындағы марксизм-ленинизм институтында оқиды.

Қазақстанда экономикалық ғылымның қалыптасып дамуы және осы сала бойынша мамандар даярлау негізінен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана қолға алынғаны белгілі. Осындай істің басында Сақтаған Бәйішев секілді зиялы азаматтар тұрды. Республикалық Ғылым академиясының вице-президенті бола

жүріп, ол Экономикалық институтты басқарды. Осы уақыттарда Экономикалық институт өзінің ғылыми бағытын айқындап, бұл кезеңдерде оның қабырғасынан ғылыми мамандар көптеп даярланды. Өзі басқарған Экономика институтында марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін аударудың ғылыми негізін жасайтын және әлеуметтік-экономикалық проблемалар бойынша терминдер қалыптастыратын арнаулы топ құрды. В.И.Ленин шығармаларын аударудың теориясы мен практикасын қалыптастыруға арналған бірнеше ғылыми-теориялық шаралар ұйымдастырған. Осылардың нәтижесінде К.Маркстің, Ф.Энгельстің, В.И.Лениннің шығармаларын қазақ тілінде оқуға мүмкіндіктер жасалды. С.Бәйішевтің өзі К.Маркстің «Капиталын», К.Маркс пен Ф.Энгельстің екі томдық таңдамалы шығармаларын, В.И.Лениннің «Россиядағы капитализмнің дамуы», «Империализм-капитализмнің жоғары сатысы» еңбектерін тұңғыш рет қазақ тіліне аударды.

Сақтаған Бәйішевтің жетекшілігімен күрделі қаржының тиімділігі және оны арттырудың факторлары, еңбек ресурстарын қоғамдық өндірісте тиімді пайдалану, жаңа қоғамның материалдық-техникалық базасын құруда Қазақстанның орны мен рөлін белгілеу, Қазақ ССР-інің экономикалық тарихы секілді маңызды ғылыми бағыттар айқындалды. Ғылыми тұрғыдан оқырманға көп тараған еңбектері арасынан «Советтік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы», «В.И.Ленин және Советтік Қазақстан», «Маркстік-лениндік экономикалық теорияның өзекті мәселелері» атты зерттеулерді атаған жөн. Оның жетекшілігімен дайындалған еңбектер Қазақстан Компартиясының тарихына, республика экономикасының өзекті мәселелеріне арналған. Сол сияқты С.Бәйішевтің экономика және тарих ғылымына қосқан үлкен үлесі ретінде «Советтік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері» атты зерттеуін атауымызға болады. Мұнда республикадағы социалистік индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру және мәдени революцияны жүзеге асыру тәжірибесі нақты материал арқылы сыншыл көзқараспен талданады. Қазақстанның жетпісінші жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына С.Бәйішев жасаған талдаудың үлкен практикалық маңызы бар. Жетпісінші жылдардың орта тұсында республикада қуатты экономикалық потенциал жинақталды, халықтың саны өсті, соған байланысты халық шаруашылығында еңбек ететін жұмысшылардың, колхозшылар мен қызметкерлердің қатары көбейді. Осы кезеңдердегі Қазақстан экономикасына сипат бере отырып, ғалым қоғамның үдемелі қозғалысындағы қуатты фактор – ғылыми-техникалық революцияның прогрестік маңызын атады [2].

Академик Бәйішевке ғылым әлемінде әрқырлылық тән болатын: яғни, саяси экономика дейсіз бе, нақты экономика дейсіз бе, Қазақстан тарихы дейсіз бе, бұл кісі айналыспаған ғылым саласы кемде-кем. Шешуін күткен аса маңызды саяси-экономикалық проблемаларды зерттеуге ол республикадағы ғалымдардың бытыраңқы күшін топтастыра білді. Осының арқасында қазақстандық саяси экономистер экономика теориясын дамытуға зор үлес қосты. Ғалымның көптеген ғылыми еңбектері республика алдындағы аса маңызды да өмірлік проблемалар төңірегінде қоғамдық пікір қалыптастырды. Республика экономикасын одан әрі дамытудың жетекші факторлары ретінде С.Бәйішевтің ғылыми жетістіктерді кеңінен және дәйекті пайдалануды, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруды, материалдық өзгеріс саласы қызметкерлерінің жалпы білімдік деңгейі мен кәсіптік мамандығына көтеру, табиғи ресурстарға бай жаңа аудандарды қарқынды игеруді атады. Сақтаған Бәйішұлы 60-70 жылдар тұсында экономиканы дамытудың әлеуметтік факторларының

маңыздылығын дәл бағалап, қажетті зерттеулер жүргізудің инициаторы бола білген тұлға. Ғалымның жетекшілігімен болашақта қазақ елінің өндіргіш күштерін дамыту және орналастыру жөніндегі зерттеулер жүргізілсе, республиканың экономикалық дербестігі кеңейіп отырған бүгінгі таңда ондай болжаулар халық шаруашылығын дамыту үшін маңызды бағдар болып табылуда.

Өмірінің соңғы жылдарында Сақтаған Бәйішев Қазақстандағы шағын және орта деңгейдегі қалаларды дамытуға, сол сияқты Батыс Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық дамуы туралы мәселелерге айрықша мән берген. Оның 1981 жылдың 1 қазанында, кезінде одақтық өкіметтің ресми органы «Правда» газетінде «Мол байлықтардың мекені» атты өзекті тақырыптағы мақаласы жарық көрген болатын [3]. Бұл мақалада құрамына төрт облыс кіретін Қазақстанның батыс аймағы мұнай мен хромға, фосфорит, боксит, темір, көмір, калийлік тұз сияқты минералды шикізаттың түрлеріне бай екендігі, бірақ олардың өз дәрежесінде игерілмей жатқандығы айтылған болатын. Бүгінгі күнде көреген ғалымның ғылыми болжамдарының жүзеге асып жатқанына біз, кейінгі ұрпақ, куә болып отырмыз.

Академик Сақтаған Бәйішевтің айтуға тұратын ғылыми және ұстаздық мектебі болды. Ол Қазақстанның сол кездегі әлеуметтік-экономикалық өмірі мен тарихының аса маңызды проблемаларын анықтап, оларды зерттеуге өз көмегін көрсетті. Тынымсыз ғылыми ізденістер мен оны зерттеу бағытында жұмысқа деген қабілеттілігі мен шапшаңдығы арқасында ғұлама ғалым ағамыздың артына өшпейтұғын із қалдырды. Оның отыз жыл бойы білімнің қара шаңырағы саналатын Қазақ мемлекеттік университетінде және Алматы халық шаруашылығы институтында оқытушылық қызмет атқарып, жас мамандар даярлауға қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Сақтаған Бәйішұлы өмірінің соңғы жылдарында «СОКП қатарында болғанына 50 жыл» Құрметті Белгісі орденімен марапатталды, ірі қоғамдық-саяси қайраткер отыз жыл бойына республика Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды, екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Құрмет Белгісімен», Октябрь революциясы ордендерімен, басқа да үкімет наградаларымен марапатталды.

Адам бір көшкен керуен деген осы болса керек. Сақтаған Бәйішев өзі өлсе де артында өлмейтұғын із қалдырды. Оның артындағы ұрпағы есімін жыр етіп, айтумен келеді. Академик ағамыздың ғылыми еңбектері, шәкірттері мен өзі бар өмірін аянбай сарп еткен туған халқының оған деген шексіз сый-құрметі ғалымға орнатылған ғұмырлы естелік болып қалды.

Ғұлама, ғалым, қоғам қайраткерінің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында бұрынғы Батыс Қазақстан экономика және қаржы институты 2001 жылдан Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті болып өзгертілді. Осы аталған жоғары оқу орнының қабырғасынан бүгінгі таңда мыңдаған жас мамандар түлеп ұшып, еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етуде. Аталмыш университетте бүгінгі күні 8 мамандық бойынша магистрлер және 18 мамандық бойынша бакалаврлар дайындалуда. Нарық талабына сай бәсекеге қабілетті бүкіл елдің сұраныс-талаптарын қанағаттандыратын мамандар даярлауда университетте Х.Х.Құсайынов, Р.Ж.Құрманқұлова, Ш.М.Бұхарбаев, А.Б.Ағзамова, Н.Ж.Құрманқұлова, Ғ.С.Салықов, А.С.Қабақбаев секілді экономист ғалымдар дәріс беруде. Республика қалаларындағы жоғарғы оқу орындарын айтпағанның өзінде басқа елдердегі оқу орындарымен халықаралық байланысымыз күн санап

артуда. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті ұжымы жемісті еңбек етіп, өз туын тіктеген егеменді еліміз Қазақстанның даму болашағына өз үлесін қосуды өздерінің мақсаты санайды.

Әдебиеттер:

1. Әтімова З., Шорманова М.. С.Бәйішев тұлға: азамат, ғалым, қайраткер. Алматы, 2000.
2. Баймұратов О. Заман шежіресін талмай жазған. «Социалистік Қазақстан» газеті, 12.05.1989.
3. Кенжеғазин М.Б. Өнеге тұтар арысымыз. С.Бәйішев тұлға: азамат, ғалым, қайраткер. Алматы, 2000.

Ә.А.АСАРОВ
Ү.Қ.СӘРСЕМБИН

С. ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМДЫҚ ӨРІСІ

Ақындық тұлғалық феномен, адамның әлеумет мүддесіне бағытталған іс-әрекетіне тән қасиет. Қазақ ақындарының ел тарихындағы рухани қызметі, ұлт мәдениетінің әлеуметтік негізіне айналған даналығы осы ойымызды салмақтай түспек. Ұлт ұстазы А. Байтұрсынов жазғандай: «Тұрмыс мәселесі – тоқсан түйіннің тоғысып шиеленісетін жері. Оны дұрыс шешуге көпті көрген көсем болуға керек. Адамның, халықтың, я бір таптың мінезін, құлқын, салт – санасын, жан-жүйесін, ой жүйесін, тарихын, мұң мұқтажын жақсы білетін дана болу, ғалым болу керек» [1, 99 б]. Шынымен де өзінің ұлттық мүддесінен тысқары өмір сүрген рухани адам тарихта болған емес. Ақында, ойшылда, ғалымда, зиялы ұстаздар да өмірлік ұстанымын, бойындағы бар мүмкіндігін (дарын-қабілетін, білімін, өнерін, қайратын) халыққа арнаған. Бұл әр елдің тарихы мен мәдениетінен белгілі. Егерде мәдениетімізде бұндай дәстүр болмаған, шын мәнінде өмір сүріп келмеген болса, зиялыларымыз тарихта «Хан», «Би», «Шешен», «Жырау», «Батыр» тұлғасына ие болмаста еді. Қазақ зиялыларының адамзат мәдениеті бойында өз тұлғасы, өз бейнесі бар. Ол ел алдында атқарған істерінің, мойындарына жүктелген ұлы міндеттердің өрістілігімен дараланып отырған. Бұның ақиқатын ашып, бүгінгі қоғам алдында тұрған ұлт қажеттіктерін шешудің оңтайлы шешімін солардан іздеу, отандық ғылым алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Алаш зиялыларының тектілігі мен даналығын зерттеуде С. Торайғыровтың рухани тұлғасын жеке дара сомдамай өту тағы мүмкін емес. Кезінде Ж. Аймауытов жас ақынның тұлғасына тән осы бір рухты жазған болатын: «Қандай бейнет шекседе, жолында қандай бөгет тұрсада, беттеген, мақсатына жетпей тынбайтын Махмұтта мінез бар» Бүгінгі бізге жетіп отырған Ақын мұралары Ж. Аймауытов айтып кеткен сөздің өрісін кеңейтуге ұйытқы. Яғни қазақ ұлтының қай ақынын алып қарасақта, бойларында дала болмысын жырлаған ұлттық табиғаты бар қайталанбас рухани тұлға феноменіне көз

жеткіземіз. Соның бір дәлелі С. Торайғыровтың «Айтыс» поэмасы. Бұл еңбекті философиялық мұра деп қабылдауымыз, ақынның ғана емес, бүгінгі «Қазақ» идеясының жандануына да өз септігін тигізері анық. Себебі ұлттық рухты ұлықтау көнеден келе жатқан ел бойындағы рухани қасиет. Ұлттық тәрбиемен бойға сіңіп, атадан балаға қан арқылы беріліп отыратын тектілік ұлттық рухтың қуаты саналса, ұлт болмысының тұлғалық бейнесін сомдау, әлеумет тектілігінің жойылуына тосқауыл болудың бір амалы. Поэмада ұлттық рухтың құрамдас негіздері, ұлт болмысының ұйытқысы тіл мен ділдің, ата дәстүр мен ата салттың, дүние танымдық құндылықтардың сомдалуы, кейінгі ұрпақ үшін бағалы дүние. Оның бағасы жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлттық идея өрісінде, аға ұрпақ пен кейінгі ұрпақ буын арасында мәдени жол салып кетуінде:

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын? [2, 210 б].

Өмір сүру бір басқа, мағыналы өмір сүру бір басқа. Ұлт болмысының мінсіздігін аңсап, жарастықтың мәнін ұрпаққа насихаттау мағыналы өмір сүрудің бір белгісі. Себебі ұлт немесе болашақ ұлт сол ұлттың ішінен өсіп-өнетін ұрпақ. Ұрпақтың өз ұлтының болмысын меңгеріп, тұлғалануына жол көрсететін қашанда ұлттық идея. Нағыз ұлттық идея Сұлтанмахұт ұғымында ел мен ердің бірлігі, зиялылар тұлғасын даралап тұратын, яғни зиялының зиялыға жүктелген істі әділетті, толымды атқаруы. Яғни ұлттық мүдденің ұрпақ игілігіне жарауы, бір ұрпақ табысының, бір ұрпаққа жетуі.

Аға ұрпақ буын жетістігін кейінгі ұрпаққа табыстап жеткізетін зиялылық. Зиялының зиялылығы арқылы ұрпаққа жеткен рухани іс, жаңа толқын әлеумет игілігіне ұйытқы ұлттық мүдденің қалыптасып, одан әрі дамуына негіз.

Ұлттық идеяның дамуы да ұлттық мүдде бойына шоғырланған зиялылардың бір – біріне деген сенімімен тікелей байланысты. Сенім болу үшін елдік керек, елдік адам бойындағы өзіне, ұлтқа, ұрпақа деген құрметі, адамның адамгершілікті бағалау мүмкіндігі. Егерде адам елдігі болмаса, ол адам еркіндікке душар. Елдік адамды өрге жетелейтін қасиет, сол жолда кезігіп отыратын қиындықтан, қиыншылықтан рухын сақтап отыратын рух:

Үмітпенен жоқ қуған
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз.
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін шаламыз.
Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз.
Сұмдар салған жүректе,
Аз ба біздің жарамыз?
Тепкісінде басқаның,
Қор боп жүдеп барамыз.
Көріне көзге азапта
Мәңгі қайтіп қаламыз?

Ойынды енді азат қыл,
Қалсын былай балалық [2, 47 б]

Адам өмірінің мәнін суреттей білу бетке ұстаған, алға қойған өмірлік мұратында елдігі бар ойлы, рухты ақын адамның қолынан келетін дүние. Дүние дейтін себебіміз ойшыл түйген шындық, ойшылдың айтқан өсиеті халыққа мұра болып қалады. С. Торайғыров адам өмірінің мәнін оның сол өмір ағымындағы атқаратын елдік істерінің әлеуметтке тиер өнімі тұрғысында зерделейді. Көп жағдайда адам өмірінің мәні жөнінде зерттеулер тереңге бет қойып жатады. Мәселе онда емес, жалпыға ортақ әлеуметтік ортаның тұрақты, қалыпты, дәстүрлі жолда болуында. Осы қоғам кеңістігінде кісілік дәстүрді қалыптастыру немесе оны сақтап отыру қашанда зиялылар міндетіне жүктелген. Ол ел тарихында (өздеріне дейінгі) зиялылар рухын сомдау, өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы тұлғалардың зиялы істерін айту, ел азаматтарының кісілігін көрсету. Ұрпақ пен ұрпақ, жекелеген зиялы адамдар мен халық арасындағы рухани сабақтастықтың тарихи мәні де сол. Шынайылық, әділеттілік, әдептілік, қайырымдылық, қашанда халыққа ортақ-мақсатты істің басы:

Қызық қандай адамды қыздыратын,
Қайғы қандай қаныңды бұздыратын.
Қанды кек, намысты өштік неден тумақ,
Жібітпей жүрегіңді мұз қылатын.

Ер бар ма елі үшін жан қиятын,
Басшы бар ма етегіне ел сиятын.
Жанның бәрі өз ісін мақұлдайды,
Адам қайда сезетін ар-ұятын [2, 115 б].

Сократ айтқан, әркімнің өз шындығы бар, бірақ жалпыға ортақ ақиқат бұл білім, адам соған бағынуы қажет - деп. Адамға өмірлік ұстаным, өзіндік пікір қай уақытта да қажет. Бірақ адамның іс-әрекетін, ұстанымын реттейтін қандай білім? Бұл білім адамның өзіне емес, халық мүддесіне бағынып, ұрпақ игілігіне бағытталуы тиіс. Білімнің құндылығын ұлт қажеттіктері негізінде зерделеп, пайдалана білген адам ғана зиялы. Осы тұста Абайдың мына бір сөздері ойымызға оралады: «кімде кім жаман болса, замандастарының бәрі жауапты». Адам мінезі күрделі ұғым. Мінез кей жағдайларда оның өмірінің шешуші күшінеде айналып жатады. Өз заманында еркіндіктің, азаматтықтың, кісіліктің рухын сезіне алмай, теңсіздікті, әділетсіздікті, парақорлық пен бұзақылықты көріп өскен адамның да мінезі өзгереді. «Ниеті шалғай, жат бауыр» адам мінезі оның рухани өміріне, түптеп келгенде ұлт тағдырына да зиян. Алаш зиялылары адамның қолынан жасалатын, қоғам дамуына қайшы келіп отыратын нәрселердің алдын алу мақсатында жастарға арнап ұранды өлеңдер, ғылыми еңбектер, оқу құралларын жазды. Олардың бұл бағыттағы көздеген мақсаты жастарды қолдан жасалып отырған саяси надандықтан құтқару болған. Сол кездегі қазақ қоғамын ыдырату мақсатында билік тарапынан жасалған саяси идеологияның негізгі принципі, ұлттың әлеуметтік құрылымын бұзып, елдің тарихтағы мемлекеттілік рухын ұрпақ санасынан өшіру болса, елдіктің орнын атақ құмарлық, білімнің жолын парақорлық, бірлік жолын сауатсыздық басып отырса, әлеумет жарастығының өз-өзінен ыдырайтындығы, түптеп келгенде жойылатындығы айтпасада белгілі. Бұқар жырау бастаған қазақ даналарының толғауларында осындай құйтырқы идеологияның зардаптары тереңнен толғанған. С. Торайғыров шығармаларында

осы құбылыстың бағыты бейнеленіп, бинеті көп тұрмыс орамындағы жастардың тағдыры ашық көрсетілді:

Кірлік тұрмыс, бақытсыз тарихымыз,
Тым алысқа жібермес, түзер бетті.
Талантқа ауа қайда ер жетуге,
Жүректің қанын жылытып тербетуге.

Әлпештеген секілді жас баланы,
Талантты кім асырып, кім алады.
Әлихан айтқандайын қыр ішінде,
Домалап неше меруерт жоғалады[2, 160 б].

Жоғарыда айтып өткеніміздей зиялының атқарған істерін айту, кісілігін бағалау, Абай сөзімен айтсақ кім кімгеде үлкен ғанибет. Яғни, адамның адамдық сипатын көрсетіп, әр дайым анықтап отыратын үлгі мен өнеге ұрпақтың рухани қалыптасуына оңтайлы ыпал ететін құндылығын жойған емес. С. Торайғыров шығармаларының экзистенциалдық мәні осында.

Адамға зиялы болу міндет. Бірақ бұл қасиет адам бойына ұялайтын рухани мән болғанымен, адам оған оңайлықпен қол жеткізбейді. Қазақ зиялыларының тағдырын зерделелей, ұлттық мүдде бойындағы рухын, идеяларын қабылдай, әсіресе олардың жазып кеткен еңбектерінің бойындағы шындықты сезіне білген адамға, зиялылықтың ел үшін өмір бойы арқалап жүретін бейнетіне, халықтың ықыласына мәңгі бақи бөленетін зинетінің өлшемдеріне көз жеткізуі қиын емес. Кеңес билігі тұсында зиялылық адамның алған кәсіби білімі тұрғысында зерделенді. Оқыған, дипломы бар, қоғамда алған мамандығына сай кәсіби қызмет атқаратын адамның бәрі интеллигент қатарына жатқызылды. Бүгінде сол дәстүр қоғамда жиі қайталану үстінде. Ұлттық мүдде биігінен, ел тарихына шын көңілмен зер салған адамға, қазақ мәдениетінде оқыған адамнан көрі, елге қызмет етуде рухани тереңдік танытқан адамдар қатары көп. Солардың даналығы, тектілігі бүгінгі гуманитарлық ғылымдарымыздың зерттеу аймағына тигізер падасы зор танымдық дүниелерге айналып отыр. Не себептен бұлай? – деп сауал қойсақ, зиялылықтың оқу ғылымға дейін ел тарихында бар және оқудан да бұрын адамның рухани кісілік қасиеттерінен басталып, тәрбие оқу арқылы өз арнасын кеңейтіп отыратындығы.

Білім қазіргі таңда құралға айналып барады. Білімді өз мүддеңе пайдалануға, халық игілігіне жаратуға да болат. Егер білім құралға айналмаса, адамдар білімнің мәнін құрал деңгейінде түсінбеген болса, парақорлық, жемқорлық ұғымдары әлем кеңістігінде түрлі саяси қақтығыстар, экологиялық дағдарыс қайдан шығып отыр? Осы себептен адамның зиялылығы қай уақытта да (тарихта, қоғам өмірінде болсын) халық өмірін реттеуші күшке айналып отырған. Тек халық соның ақиқатына көз жеткізуі, ал биліктің зиялылар еркіндігіне мүмкіндік беруі қажет. Кешегі кеңес билігінің, саяси идеологиясын ұлт зиялыларын жою арқылы жүзеге асыруы ұрпақ, бүкіл адамзат алдында жіберген үлкен қателік. Бұндай құйтырқы әрекет қателігінің халық санасында мәңгі қалары анық. Зиялылар еркіндігі басым ортада, елде сауаттылық, қоғамға деген шынайы көзқарас басым. Кеңес билігінің үлкен кешілігі, ұлт дүниетанымын тұмшалаумен бірге, сыртқы информациялардан елдің қолын үзді. Білсе де, білмесе де, ырқы тілесе, тілемесе де тоталитарлық тәртіп

шеңберінде адам еркіндігі шектеліп қала берді. Шәкәрім Құдайбердіұлының айтып кеткен мына бір сөздері сол кездегі билік тарапынан қудаланды:

Ақылға еркін ой керек,
Матаудан ойды азат қыл.
Әдеттеніп ертерек,
Өрісін кеңіт жылма – жыл [3, 153 б]. Бұл сөздің қудалану себебі адамзатқа айтылған ақиқаттылығында. Тарихт орын алған бұндай саясаттың маталған ойынан әліде толығымен арылдық – деп айту қиын. Ұлттық рухта еңбектер жазу жетісе бермейді. Оған ел тарихынан үлгі іздейтін болсақ С. Торайғыровтың алаш зиялыларының рухани тұлғасын сомдаған бір ғана «Таныстыру» поэмасының өзі жетіп жатыр. Жас ақын бұнда әр бір қазақ зиялысының бейнесін сомдап кеткен. Оның әр қайсысы өз тұрғысынан зиялы тағдырының шындығын көрсетеді. «Алаш зиялылылары» деген сөз туа қалса, алдымен сол адамның есіне Ә. Бөкейханов бейнесінің оралары даусыз. Сол бейненің ұрпақ есінде мәңгі сақталып, елдің көз алдына оралып отыруына бір себеп С. Торайғыровтың мына бір сөздері:

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бай, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
Зарығып алаш үшін бейнет көрген.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған [2, 146 б].

Зиялыны танитын алдымен зиялы ғана. Абай руханиятын халықтан жинап, жарыққа шығарып, тарих беттерінде қалдырып кеткен алаш зиялылары. Себебі адам көңілі жақсы болса, сол адамды қашанда игі істерге, ізгі мақсатқа қарай жетелеп тұрмақ. Нашар болса, қара бастың қамы шеңберінен аспайды. Халық игілігіне бағытталған зиялылының зиялы ісі, сол адамның ішкі дүниесінің кеңдігі мен кемелділігінен туатын, жүзеге асып отыратын нәрсе. Демек алаш интеллигенттерінің тұлғасы өз алдына бір әлем. Рухтың, жан дүниенің, елдік көзқарас пен түсініктің феноменін осы бір, әр әлемнің рухани өкілі зиялының тұлғасы арқылы танумызға болады.

Адалдықтың тірегі ақыл-ой, рухани негізі ықылас пен шынайы көңіл. Қазақ жастарының бейнесі осындай!

Ел жағдайын жақсарту мақсатында алаш зиялыларының қатарында қазақ әйелдері де болған. Осы тұста Н. Құлжанованың есімін ерекше атап өту кім-кімге де міндет. Зиялы қазақ әйелінің тұлғалық бейнесін С. Торпайғыров ел тарихының беттерінде былай деп жазады:

Ардақты бар Назипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын [2, 157 б].

Жүздеп мектеп ашып, мыңдап оқушы тәрбиелесекте бұндай тұлғаларды ел алдына шығару, бұндай қабілетті, бойға біткен рухтың иелерін жарату мүмкін емес. Ел тарихындағы қазақ жастары ұлты үшін өмір есігін ашқандай, адамзат баласы үшін адам қолынан жасалып отыратын кері тартпа әрекеттерге қарсы турушы да солар. Азаматтық үшін де, мақтан үшінде адам өзін-өзі азапқа иетермелейді. Бірақ өз жұртының тағдыры үшін күш-жігерін ортаға салған адам тұлғасында рух бар. Бұл зиялы үшін ең ақырғы дұрыс жол. Жастарымыздың бойындағы бұл рух кім-кімге де үлкен сабақ. Адамзат тарихына байыппен зер салсақ, жеңімпазда, жеңілгенде тағдырдың әділ заңына қарсы келе алмаған. Яғни зиялының зиялылығы оның өмірдің мәні турасында түсінігінің болуында, рухани өмірдегі шектілік пен шексіздіктің ара жігін ажыратып, ақ қарасын тани білуінде, адамға әр дайым жақын келуінде. Адамға уақыт шектеулі, жақсы іс шектеусіз. Әлімжеттік, қара бастың қамын ойлаудың шегі бар, қайырымдылықтың шегі жоқ. Адамның атқарған ісінің жақсылығы ұлтқа, өзіне пайда болса, оның бойындағы рух халық санасында мәңгі өмір сүретін идея.

Қазақ жастарының зиялылығын паш ететін тұлғалық табиғатын елдің рухани өмірінің болмысымен ұштастыра зерделеу ғылым тұрғысынан да, тарих шындығы негізінде де ақиқатты, ұрпаққа тұлғалықтың мән жайы жөнінде білім беретін шындық көз деп айтсақ қателеспейміз. С. Торайғыров мұрасы ұрпаққа берер өз танымы, өз талғамы, өз мұраты бар және өзінің рхани дербес негіздерімен Қазақ идеясымен тоғысып отырған дүние. Бүгінгі қазақ жастарының зердесі өткенге бет бұрып, рухы болашақпен жалғасса ақын феноменінің толықтай ашылары анық. Бұл біздің алдымызда тұрған мағыналы істердің бірі.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. 208 бет.
2. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. Алматы: Ғылым, 1993. 280 б.
Шәкәрім. Қазақ айнасы Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра, 2003. 296 бет.

А.Ж.ЖОЛДУБАЕВА

КОМПЛЕКСНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ИНДИВИДУАЛЬНОСТИ

Каждый человек, объективно представляя собой индивидуальность, раскрывается в самобытном «авторском прочтении» социальных норм, в выработке собственного, сугубо уникального и неповторимого способа жизни, своего осмысленного существования, естественно сочетаясь с высокой самооценкой и творческими способностями в своем бытии. Помогая развитию рефлексивных способностей, развитию самосознания личности, критическому восприятию общепринятых стандартов жизни, осмыслению и утверждению свободы, человеческая индивидуальность тем самым открывает новые грани в понимании смысла жизни, творческих возможностей человека, сути человеческих взаимоотношений.

В этом плане одним из важнейших вопросов современной философии является проблема определения роли индивидуального начала как преобразующей и динамической субстанции. В данном контексте особую значимость приобретают вопросы, связанные с осмыслением, конкретизацией и анализом индивидуальности как объективной закономерности развития человека и выражающей различные уровни ее *взаимосвязи* с обществом.

Комплексное изучение индивидуальности человека (объединение философской и конкретно-научной информации, прикладных и фундаментальных положений в единую систему знаний) способно открыть новые перспективы при выборе стратегий цивилизационного развития человечества. При этом на первый взгляд, задача кажется не такой уж сложной: чего проще – объединить усилия философов, биологов, психологов, социологов, историков – и получить некое обобщенное целостное знание о человеческой индивидуальности. Однако комплексные усилия далеко не всегда приводят к глубоким и значительным достижениям. Это заметили уже многие специалисты, потерявшие интерес к синтезу накопленных сведений.

Дело в том, что предпосылки и выводы различных конкретных дисциплин зачастую несовместимы. Если, скажем, экономика допускает, что человек способен к рациональному выбору, то психология исходит из того, что мотивы человеческого поведения в большей степени иррациональны. Социологи рассматривают человека как чрезвычайно пластичное существо, способное к различным общественным адаптациям. Психология в противовес данной установке ищет стабильные характеристики психики, которые обеспечивают

постоянство поведения личности внутри любой эпохи. Биологи пытаются доказать неизменность человеческой природы, историки же, наоборот, проявляют интерес к тому, как под влиянием культурных факторов преображается человеческое естество.

По этой причине возникает необходимость целостного научного познания человеческой индивидуальности, объединения конкретных научных знаний, формирования комплексного понимания человека в единстве всех его многообразных качеств. Только такой подход позволит науке по-настоящему осмыслить, что есть индивидуальность, какой она является сегодня и какой будет завтра, понять и раскрыть мир человека в его уникальном измерении.

Человек изначально есть амбивалентное существо, функционирование которого подчинено как внутренним (индивидуальным), так и внешним (социальным) факторам. К внутренним факторам принадлежат импульсы, идущие от самого человека, идущие, так сказать, изнутри человека и явственно выражающие его индивидуальные потенции (особенности разума, жизненная активность, личные нравственные установки, устремления к самореализации, к высокой самооценке и пр.). К внешним – определенные общественные импульсы, социальные требования, т.е. воздействия той человеческой массы, к которой принадлежит человек (определенная нужда, моменты одобрения действию других людей и пр.).

Соотношение «внешнего» и «внутреннего» – не просто сугубо теоретический вопрос. Это проблема *природы* человеческой индивидуальности, отражающая объективную закономерность развития человека и выражающая различные уровни его *взаимосвязи* с обществом. В этом случае исследование индивидуальности не ограничивается лишь прослеживанием исторической последовательности ее движения. Оно продолжается выявлением побудителей и направленности активности человека; мотивов и целей его деятельности; факторов, способствующих и препятствующих его осуществлению в имеющихся условиях; механизмов формирования социально приемлемых смыслов и значений, связанных с мотивирующими аспектами самореализации, ее способами и результатами.

Философский анализ поставленной цели обращает нас к индивидуальности как перспективе решения глобальных проблем современности через выдвижение человека в центр теоретического осмысления социальных процессов, включения его в систему детерминант общественной жизни и одновременно вырабатывает концептуальное знание о человеческих силах и качествах, современном уровне их познания и путях освобождения.

Потребность в необходимости углубленного философско-методологического исследования взаимозависимостей индивидуального и социального, демонстрирующих органику их взаимопереходов, осознается по мере того, как все более обозначаются постиндустриалистские перспективы развития человеческого сообщества. Эти перспективы высвечивают факт существования и необходимости сосуществования человеческих коллективностей, основанных на различных формах опосредования индивидуальных взаимодействий; они же подчеркивают социальную значимость индивидуального в сохранении, воспроизводстве и развитии коммуникаций современного общества.

При всей аналитической важности и логической очевидности такая постановка вопроса оказывается отнюдь не тривиальной. Как показывают исследования, вплоть до последнего времени теоретики философии основное внимание уделяли поиску общих структурных компонентов, оснований единства социально-культурных процессов. Интерпретация любых вариаций, изменений, разнородности обычно ограничивалась их сведением к общепринятому набору общих экономических, классово-идеологических характеристик. Такое положение дел привело к трактовке динамики и многообразия индивидуальных явлений и процессов как не имеющих самодовлеющего значения. Отчасти это верно, когда речь идет о выявлении в социуме его наиболее устойчивых компонентов, но при этом наименее решенной оставалась проблема определения конкретно исторических источников изменений и многообразия в социуме собственно индивидуального.

Наряду со сказанным, поставленная проблема исследования приобретает все большую значимость в связи с ускорением общественно-экономических процессов. Действительно, уже сегодня анализ социокультурной ситуации обнаруживает, что многообразие позиций в системе общественного разделения труда, образов жизни людей, культурных предпочтений, национально специфичных обычаев, привычек, представлений есть та исходная реальность культуры, с которой приходится иметь дело всем членам общества. С другой стороны, в культуре имеются устойчивые образования, например, нормы, ценности, которые обеспечивают и поддерживают совокупность значимых для большинства членов общества представлений о целях его развития, способах решения соответствующих задач в различных сферах социокультурной жизни, о наиболее типичных и одобряемых чертах деятельности, взаимодействия, образа жизни и т.п. В известной степени оба типа явлений можно трактовать как относительно независимые друг от друга уровни исследования. В то же время для них можно принять общие единицы анализа, логику построения, особенности внутреннего движения рассуждений. Это обусловит их теоретическую сопоставимость и возможность прослеживания реальных и потенциальных связей между ними.

Вопрос о динамическом режиме работы человеческой индивидуальности – это не вопрос о том, *существовала ли она или нет*. Вопрос заключается в другом: *какие* особенности интеллигибельной активности, запечатленной в самой сути индивидуальности приобретают в современном социально-культурном контексте особое значение. Т.е. индивидуальность мы хотим исследовать как «возможный» объект: не только понять, что это такое, как индивидуальность развивалась, но также *чем нас сегодня индивидуальность не устраивает и можно ли на нее повлиять в нужном направлении.* Представленный принцип исследования позволит проанализировать, проследить факторы, способствующие и препятствующие формированию индивидуальности в современном обществе. В свою очередь, разработки, связанные с анализом общественных процессов, позволят выявить динамику связей между планами, программами, проектами и результатами реализации различных путей самоопределения человека.

Рассмотрение вопросов, связанных с внешним проявлением индивидуальности в обществе, в силу которого человек поставлен перед

необходимостью осознать себя как часть более широкой, универсальной целостности и в этом осознании понять себя, найти внутреннюю меру своей активности в отношении к внешнему миру, позволяет перейти к анализу социальных механизмов, влияющих на процесс индивидуальности в современной реальности. Социальные законы позволяют сценировать возможные условия и зависимости, оценивать происходящее, самоопределяться, обсуждать и анализировать факторы и коэффициенты, которые могут повлиять на динамику человеческой индивидуальности.

Из сказанного пока не следует, существует ли соотношение между развитием индивидуальности и движением общества. Образно выражаясь, «заинтересовано» ли общество в том, чтобы человек совершенствовался, или ему это безразлично. Если обществу «нужно», чтобы человек развивался, то, во-первых, зачем; во-вторых, каким образом общество поощряет человека к совершенствованию. Если же общество «не нуждается» в свободных индивидуальностях, то каким же образом препятствует их появлению.

Если подразумевается история того общества, в котором воспитывается интересующий нас индивид, то проблема не выходит за обозначенные пределы: какое значение в данном обществе придается развитию индивидуальности, таким оно и будет в его истории. А как будет обстоять дело, если взять историю всего человечества, в которой существуют разнородные социально-исторические образования: одни активно способствуют развитию индивидуальности, для других развитие индивидуальности существенного значения не имеет? Каков удельный вес глубинно-индивидуальных импульсов в общей сумме мотиваций человека, как общество относится к этим индивидуальным устремлениям, как оно их оценивает и какое значение имеют эти индивидуальные мотивации в общей эволюции общественного универсума? Иначе говоря, *как* человек, созидая себя и общество, через это созидание становится человеком, *каков* глубочайший потенциал его индивидуальности, в *каких* формах человеческая индивидуальность, неповторимость, уникальность выступают как решающая сила всего развития общества.

Реально ли ответить на поставленные вопросы? И да, и нет. Реально в том смысле, что такие тенденции в обществе прослеживаются, хотя их присутствие не всегда самоочевидно и нуждается в выявлении и обосновании. Нереально в том смысле, что речь на сегодня идет только о тенденции, а не о достигнутом состоянии. Причем тенденция к развитию индивидуальности – одно из проявлений противоречивости современного этапа общества, в рамках которого ей противостоят противоположные тенденции, зачастую пересиливающие интересующую нас направленность.

Такого рода пропорция становится важным показателем динамизма как жизненных ситуаций отдельных людей, так и исторических периодов в их диахронной соотнесенности. Совершенно очевидно также, что это и показатель, по которому можно судить о вероятности возникновений и степени распространенности изменений в культуре. Индивидуальное в этом плане оказывается своеобразным *синтезом* различных человеческих сил и свойств, обеспечивающим действие социального, поддерживающим функционирование сложной системы коммуникаций и присущих им опосредований. Индивидуальное выступает динамической формой связи разных аспектов бытия

человека и способом развертывания этого бытия во времени, средством сохранения его личной идентичности. В этом пункте личностные и индивидуальные характеристики человека сближаются: во-первых, поскольку само наличие индивидуальной формы, связывающей разные качества человека, становится все более социально значимым; во-вторых, потому, что индивидуальная форма связи человеческих сил не может быть навязана извне и возникает как результат самоутверждения человека, его самореализации в сложной системе социальных связей. В тоже время индивиды, организуя определенным образом общество, объединяются и, взаимодействуя между собой, формируют исторически данную совокупность общественных связей и отношений. Эта совокупность общественных отношений складывается в обществе и вне общества существовать не может, но вместе с тем она не «витает» где-то вне и помимо человека, а интериоризируется в него, образуя (наряду с биологической, психологической, культурной) его *социальную составляющую*. Самосовершенствование, в конечном счете, предстает как индивидуализация существенных и значимых тенденций развития общества. Лишь по мере расширения субъективной реальности развертывается мир социальных форм, связей и отношений. Присутствие в индивидуальном опыте «тотальных» начал исторического процесса развития и достижений социальной практики умножает и обогащает его проявленные формы, открывает перед человеческой индивидуальностью возможность заново усваивать, осмысливать и порождать новые содержательные пласты общечеловеческого опыта.

При всем разнообразии методик и методологий, используемых для изучения поставленной проблемы, все усилия концентрируются, в конечном счете, вокруг двух тем: человека и общества, в которых индивидуальность может быть раскрыта или, наоборот, подавлена. И дело не в том, что индивидуальность ближе к кому-либо из нас по ценностным или экзистенциальным основаниям. Дело в том, что иные модальности человека оказываются неэффективными в критически усложнившейся современной реальности. Они еще существуют, поскольку остались ниши, в которых можно обходиться рутинными программами. Но в широкой перспективе обречены и исчезают в самом буквальном смысле, вымирают, самоуничтожаются по мере снятия лакун, в которых можно жить, обходясь без ресурсов индивидуальности.

Именно такой теоретико-методологический контекст, на наш взгляд, позволяет делать обоснованные заключения как для теоретического описания выделенных феноменов, особенностей общественных условий, порождающих устойчивую тенденцию к развитию индивидуальности в общественно-историческом процессе, в культурных инновациях и ее возможных последствий, так и для преодоления некоторой обособленности социально-философских исследований при комплексном исследовании феномена человеческой индивидуальности.

ТҮЙІН

Мақалада жеке тұлға адам дамуы мен қоғам байланыстарының әртүрлі деңгейін білдіретін объективті заңдылығы ретінде қарастырылып талданады.

С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе университетінің кітапхана
Библиотека

Н.И.КАИРОВА

РЕТРОСПЕКТИВА КОРЫСТНО-НАСИЛЬСТВЕННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СОВЕРШАЕМЫХ В ОТНОШЕНИИ ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ

Обращаясь к историческим источникам, отметим, что институты социальной и правовой защиты женщин (девушек) от преступных посягательств складывались на всем процессе развития человеческой цивилизации.

В древних первобытных обществах не было иного разделения труда, кроме разделения по полу и возрасту. На мужчинах лежали обязанности, связанные с применением физической силы – это охота и защита от врагов, то есть проникновение во внешний, опасный мир. Женщина занималась более «легкой» работой – собирательством и приготовлением пищи, осуществляла уход за детьми, что требовало постоянного ее нахождения в доме.

Исторически это разделение закрепилось в том, что осуществляемые вне дома функции стали мужской прерогативой, и личность мужчины реализовывались, как правило, в общественном «служении». Домашняя же работа была отнесена к компетенции женщины, и ее личность формировалась в узких рамках семейных обязанностей. В результате этого женщина воспринималась всеми культурами не как самостоятельная личность, а как «вторичное» социальное существо в контексте семейных отношений, всегда зависимое от мужчины, в частности, от отца, мужа, опекуна. Поэтому насилие в отношении женщин, в т.ч. и его преступные формы, имело свою опору и развивалось главным образом в институтах брака, и моральное право мужчины контролировать и наказывать свою жену и детей, применяя физическую силу, просуществовало почти до XX в.

В обычном праве казахов не существовало особого юридического понятия имущественных преступлений. Почти все виды преступлений против имущественных отношений обозначались одним названием «*ұрлық*» (воровство). Слово «*ұры*» у казахов обозначает «вор». Разбой *(шубу)* и грабеж (*тонау*), хотя фактически и были известны в казахском обществе, но эти термины не имели современного значения. Так, например, под разбоем подразумевалось всякое вооруженное нападение на аулы, насильственный захват имущества, угон скота и увод людей в плен.

Согласно нормам «Жеті Жарғы» Тауке хана и по позднейшим нормам обычного права за воровство, сопровождающее с насилием, убийством, наказывали, как за воровство и насилие, за воровство и убийство. «Кто сделал и воровство, и убийство вместе, тот и платит за два преступления».

На основании подобных норм обеспечивалась наказуемость разбоя в обычном праве казахов. Поэтому при освещении норм уголовного обычного права, предусматривавших преступления против имущественных отношений, по словам Т. Культелеева, разбой не выделяется, как отдельный вид преступления.

Понятие «грабежа» (тонау) в обычном праве казахов также строго не различалось от понятия разбоя и кражи. Н.И. Гродеков писал, что «…у киргизов нет особых слов для выражения понятий воровства и грабежа. *Ұрлық* –

воровство или грабеж, *ұры* – вор, разбойник, и вообще преступник, *ұрламақ* – красть, *тартыб алмақ* – отнимать, грабить».

В свою очередь, в Древней Руси князья считали вполне нормальным собирать дань с народов и княжеств, которые были слабее в военном отношении и не могли оказать должного сопротивления набегам сопредельных народов, а открытое изъятие имущества иногда даже считалось проявлением своеобразной отваги и мужества и не всегда влекло за собой уголовное наказание, считаясь лишь «гражданской неправдой».

Первые примеры достаточно отчетливого законодательного регулирования вопросов, связанных с корыстно-насильственными посягательствами, мы может найти в «Русском законе».

По договорам Олега и Игоря признавались преступлениями явное отнятие вещи (грабеж), дружинное похищение (разбой). При этом русскому уголовному праву грабеж не выделяется из имущественных преступлений и именуется «татьбой».

В «Русской Правде» (IX-XII вв.), считающейся основным древнерусским источником права, упоминается о разбое, который по оценкам специалистов на данном историческом этапе практически неотличим от грабежа.

«Царский Судебник» (1550 г.) к «лихим» преступлениям относил разбой и грабеж. В соответствии с «Псковской Судной грамотой» (1467 г.) предусматривалась ответственность за разбой, который включал в себя посягательство на личность, и грабеж, предполагающий открытое насильственное изъятие имущества.

По «Всекняжескому» Судебнику (1497 г.) в качестве имущественных преступлений выделяются татьба и разбой. Согласно Уставной Онежской грамоты (1526 г.) и Губной Солъ-Галицкой грамоте (1540 г.) разбойником считался заведомо лихой человек. Царский Судебник (1550 г.) к категории «лихих» преступлений относил разбой, грабеж, а также отдельные виды татьб (повторную, церковную и головную). Грабеж при этом причислялся к разряду менее тяжких преступлений.

Существенное значение для регулирования отношений, возникающих при совершении корыстно-насильственных деяний, имели первые кодифицированные уголовно-правовые акты, принятые в XVIII в.

